

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы  
(2006 жылғы 1 тамыздағы)**

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 77 филиалдары және 77 өкілдіктері бар. Алматы қаласында 11 қорлар және 1 қордан Қарағанды қаласында («Валют-Транзит Қор» жинақтаушы зейнетақы қор» АҚ), Жезқазған қаласында («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) және Ақтөбе қаласында («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

2006 жылғы шілдеде заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 4 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі" АҚ.

**Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны шілдеде 127 701 (1,6%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 8 117 341 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 28,85%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,56%, «ҰларҮміт» – 15,33%, «Валют-Транзит Қор» - 8,85% және «БТА Қазақстан» – 7,88% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 80,47% келеді. Ағымдағы жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 5 қорлардың үлесі 0,16 проценттік тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың шілде айында 154 (0,47%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 553,1 млн. теңгені құрап 33 024 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" - 59,08%, "ҰларҮміт"- 18,20% және "Капитал" – 14,30% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 91,58% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Ағымдағы жылғы 1 тамыздағы салымшылардың жалпы саны 3 695, дербес зейнетақы шоттарда 25,8 млн.теңге болды. Шілде айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны өзгермеді.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.08.05ж.	01.08.06.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 239 818	8 117 341	877 523	12,12
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	31 357	33 024	1 667	5,32
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша взносам	3 185	3 695	510	16,01

**Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты шілдеде 17 517 млн.теңгеге (2,27%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 788 343 млн. теңге немесе ЖІӨ<sup>1</sup> қатысты 9,04% болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.08.02 ж.	229,5	79,5	53,06
01.08.03 ж.	321,3	91,8	40,00
01.08.04 ж.	425,2	103,9	32,37
01.08.05 ж.	569,0	143,8	33,80
01.08.06 ж.	788,3	219,3	38,55

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 4,75 проценттік тармаққа ұлғайып 38,55% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 214 035 млн. теңге немесе 27,15%, "ҰларҮміт" – 140 714 млн. теңге немесе 17,85%, "МЖЗҚ" – 139 288 млн. теңге немесе 17,67%, «БТА Қазақстан» – 71 798 млн.теңге немесе 9,11% және "ГРАНТУМ" – 52 342 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,64%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,42% келді немесе ағымдағы жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 0,01 проценттік тармаққа төмендеді.

#### 2006 жылғы 1 тамыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 210 028 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың шілде айына «таза» инвестициялық кіріс сомасы 5 755 млн.теңгеге немесе 2,82% өсті.

Сонымен қоса, ағымдағы жылғы қаңтар-шілде айында салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына есептелген «таза» инвестициялық кіріс сомасы 54,9 млрд.теңгені құрады немесе өткен 2005 жылы (40,4 млрд.теңге) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына есептелген «таза» инвестициялық кірістен 14,5 млрд.теңгеге көп болды.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы бағасы

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	(млрд. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.08.2002 ж.	64,5	22,4	53,20	28,10
01.08.2003 ж.	86,7	22,2	34,42	26,98
01.08.2004 ж.	102,3	15,6	17,99	24,06
01.08.2005 ж.	135,9	33,6	32,84	23,88
01.08.2006 ж.	210,0	74,1	54,53	26,64


Көрсетілген кестеде 2005 жылдың 1 тамызынан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқынының ұлғайғаны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 14,85 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,69 проценттік тармаққа ұлғайды.

Таза инвестициялық кіріс сомасының 2004 жылы 1,3 млрд.теңге, 2005 жылы - 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде 7,8 млрд.теңгені құрағанын атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 26,64% болды немесе үлесі шілдеде 0,14 проценттік тармаққа өсті.

Шілде айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 12 597 млн. теңгеге (2,13%) өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 604 124 млн. теңге немесе ЖІӨ<sup>1</sup> қатысты 6,92% болды.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



Ағымдағы жылғы шілдеде 145 млн.теңгеге немесе 3,15%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 4 744 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** өсуде.

**Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары** шілдеде 942 млн.теңгеге (2,23%) өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 43 278,1 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 43 084,9 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 125,5 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,3 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 67,4 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы шілдеде 2 997 млн.теңгеге (2,65%) өсіп, 2006 жылғы 1 тамызда 116 227 млн. теңге болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 45,71%, «ҰларҮміт» - 13,47%, «Қазақстан Халық Банкі» - 10,67%, «БТА Қазақстан» - 6,70%, "ГРАНТУМ" - 5,90% және "Валют-Транзит Фонд" – 5,41% немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,86% келеді.

### Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы шілдеде 18 516 млн. теңгеге немесе 2,40%-ке өсіп 789 610 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 тамыз және 2006 жылғы 1 тамыз аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 18,3 млрд. теңге болды.



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	зейнетақы активтері	
	млн.тенге	%-пен
ЖЗҚ		
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	214 436	27,16
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	140 717	17,82
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	140 717	17,82
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	139 537	17,67
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	72 005	9,12
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	65 203	8,26
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	2 809	0,36
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 151	2,42

"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	31 889	4,04
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 354	1,44
<b>"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>52 429</b>	<b>6,64</b>
"ГРАНТУМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	52 429	6,64
<b>"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>36 778</b>	<b>4,66</b>
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	36 778	4,66
<b>"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>19 545</b>	<b>2,47</b>
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 545	2,47
<b>"АЛЬФА–ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>18 162</b>	<b>2,30</b>
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 162	2,30
<b>"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>16 015</b>	<b>2,03</b>
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 015	2,03
<b>"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>14 783</b>	<b>1,87</b>
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>789 610</b>	<b>100,00</b>

2006 жылғы шілдеде 18 233 млн. теңгеге немесе 2,39%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 782 515 млн. теңге болды.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.08.2006ж.	
	млн.теңге	%-пен %
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>		
Государственные ценные бумаги РК, в том числе	<b>221 959</b>	<b>28,36</b>
ҚР еврооблигациялары	2 785	0,35
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	163 950	20,95
Ұлттық Банктің ноттары	55 224	7,06
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>73 022</b>	<b>9,33</b>
акциялар	3 348	0,43
облигациялар	69 674	8,90
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>52</b>	<b>0,01</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>2 388</b>	<b>0,31</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>6 884</b>	<b>0,88</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>8 418</b>	<b>1,08</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>338 606</b>	<b>43,27</b>
акциялар	96 463	12,33
облигациялар, оның ішінде облигации в том числе:	242 143	30,94
АҚШ долларына номинирленген	1 911	0,24
теңгеге номинирленген	239 303	30,58
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>131 186</b>	<b>16,76</b>
<b>жиынтығы:</b>	<b>782 515</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 9 191 млн. теңгеге немесе 4,32%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 221 959 млн.теңге немесе 28,36% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы шілдеде 5 726 млн. теңге немесе 1,72% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 4 665 млн.теңгеге немесе 3,43%-ке төмендеп 131 186 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,31% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 шілдеде 1 490 млн.теңге (17,79%-ке) азайып, 6 884 млн. теңге (0,88%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 9,33% болды, бұл алдыңғы есепті кезеңіндегі ұқсас көрсеткіштен 1,01 проценттік тармаққа көп.

### **Қорларды номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер**

2003 жылғы шілдедегі – 2006 жылғы шілдедегі кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 тамыздағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 24,12% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

### **Қорлардың қаржылық жағдайы**

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 20 916,6 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 8 334,6 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 39,85% болды. 2006 жылғы шілде бойынша қорлардың меншікті капиталы көлемі 537,1 млн.теңгеге және жарғылық капиталы көлемі 113,5 млн.теңгеге өсті.

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша қалыптасқан резервтік капиталдың көлемі 1 696,2 млн.теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 8,11% болды.

Қорлардың кіріс жиынтық мөлшері ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде 13 384,5 млн.теңге болды, оның ішінде комиссиялық сыйақыларынан (зейнетақы активтерден және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен) түскен кірістер 12 336,7 млн.теңге (кіріс жиынтық мөлшерінен түскен 92,17%) және шығыстар мөлшері – 5 160,1 млн.теңге, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және кастодиан банктерге – 1 504,9 млн.теңге немесе қорлардың шығыстар жалпы сомасының 29,16% сыйақы.

Ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» қордан басқа, жалпы сомасы 7 299,4 млн.теңгеге таза кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін), соның ішінде таза кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «БТА Қазақстан» - 44,24%, «Қазақстан Халық Банкі» - 37,11% және «Ұлар Үміт» - 6,94% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 88,29% болды.

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 1 197,0 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 5,41% болды.

2006 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 15 391,4 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 73,58% болды.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 306,5 млн.теңгеге (21,48%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 482,3 млн.теңгеге (35,62%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 4 098,0 млн. теңге (26,63%), «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 2 453,8 млн.теңге (15,94%) және инвестициялардың жалпы көлемінен инвестициялық қорлардың пайлары –50,8 млн.теңге немесе 0,33% орналастырды.